

Салыков, К.

Евней аға ескерткіші алдында / Кәкімбек Салыков // Орталық Қазақстан. - 2006. - 14 желтоқсан

Сарыарқа кіндік төрі - Қарағанды,
Келбеті бүгін тағы жаңаланды. Бой жазды
асыл ерге сәнді ескерткіш, Ерекше нар
тұлғасы бағаланды.

ҚарМУ-дың қуанышы еселенген,
Евней тұр бәз қалпында неше көрген.
Сүйсімді жиналған ел
Зор құрметке,
Қол соқты гимараттар көшелермен.

Тебіренді Есіл-Көкше, Нұраменен,
Толғанды Теміртаудай құба белең.
Ардақтап селенің мен өлеңінді, Еске
алды ұлан-ғайыр мұраңды ерен.

Айтылды ғалым, ұстаз,
ақындығың, Ойнатқан от-жалынды
батыл күнің. Сөз болды
Заңғар ғылым қақ жолында,
Қанышқа өзгеден көп жақындығың.

Рухың қуат беріп өсе білген,
Дүрлікті көмірлі аймақ неше күннен.
Ұйқыдан аунап түсті-ау,
Сабит, Ғабит, Әбділда,
Маяковский, Есенинмен.

Бұлттар да баяу жортты бүлкілдеген,
Ақ қар да аң-таң қалды үлпілдеген.
Қарсы алдың баршамызды,
Евней аға, Жан
баурап, қарай қалған күлкіңменен.

Келді ғой, арман еткен тілегің де,
Туған ел қалдың мәңгі жүрегінде.
Тік қарап тас тұғырдан болашаққа,
Барасың ұлылардың легінде.

12-ХІІ-2006. ҚАРАҒАНДЫ.